

6D010200 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Аяпбергенова Гультум Сагындыковнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына

### Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№ п п/ п	Критерилер	Критерийлерге сәйкестік (жауаптың бір нұсқасын атап өту қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу
1.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күнге) ғылымды дамыту бағыттарын а және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған (бағдарламаның атауын көрсету) 3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету)	1.1 Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Білім беру саласындағы қазіргі талаптарға сәйкес, педагог кадрларды даярлау мәселесін қашанда болса қажетті. Ғылыми-техникалық прогрестің дамуына, ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті жеңілдетуге байланысты білім беру жүйесін жаңғырту қажетті. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттеріне аса мән берілген. Мұның өзі жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыруда қазіргі қоғам сұранысына жауап беретін, кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесін жетілдіру мен оның басымдық бағыттарын саралап, тиімділігін арттыру жолдарын қарастыруды міндеттейді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған	Диссертациялық зерттеу ғылымға айтарлықтай үлес қосады және оның маңыздылығы жақсы анықталған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде сапалы түрде қалыптастырудың теориялық негізделген және университеттің педагогикалық процесіне енгізілген құрылымдық-мазмұндық моделін әзірледі

			және педагогикалық шарттарын анықтады.
3.	Дербестік принципі	Дербестік деңгейі: 1) жоғары 2) орташа; 3) төмен 4) дербестік жоқ	Диссертациялық зерттеуді орындау кезіндегі дербестік деңгейі жоғары. Докторанттың дербестігі педагогикалық, психологиялық және экономикалық әдебиеттермен, сондай-ақ нормативтік және заңнамалық құжаттармен жұмыс істеу кезінде көрініс тапты. Автор теориялық материалмен жұмыс істеуі, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу, нәтижелерді талдау және деректерді статистикалық өңдеулері дербестігін дәйектейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі негізделген. Барлық алынған нәтижелер ішкі бірлікте сипатталады. Қойылған міндеттерді шешу барысы мен нәтижелерін егжей-тегжейлі көрсететін диссертацияның барлық бөлімдері зерттеудің бірыңғай әдістемесіне бағынады, ғылыми аппаратпен сауатты әзірленген диссертацияға сәйкес қисынды құрылған. Сонымен қатар автор диссертациялық зерттеудің өзектілігін күшейте отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру қажеттілігін анықтау мақсатында педагогтармен сауалнама ұйымдастырды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді: 1) көрсетеді; 2) ішінара көрсетеді; 3) көрсетпейді	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді. Кіріспеде ашылған зерттеудің ғылыми аппараты диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімінде «кұзыр», «кұзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «арнайы құзыреттілік», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісін негізінде қалыптастыру» ұғымдарының мәндік сипаттамасы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылады және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық шарттар негізделеді. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде

		калыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нәтижелері» деген екінші бөлімде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері жинақталады: қолданылған диагностикалық құралдар сипатталған, зерттеудің айқындаушы, қалыптастырушы және бақылау эксперименттері диссертация тақырыбына және ғылыми аппаратқа сәйкес келетін зерттеуді ұйымдастыру мен әдістері ұсынылған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты: жобалар әдісі негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарын теориялық
		теориялық тұрғыдан негіздеу және тәжірибелік сынақтан өткізу. Зерттеудің міндеттері қойылған мақсатқа жету үшін қажетті негізгі қадамдардың дәйектілігін ашады және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыруды зерделеуге бағытталған.
	4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық өзара байланысты: 1) толығымен өзара байланысты; 2) ішінара өзара байланысты; 3) өзара байланысы жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен қағидалары қисынды түрде өзара байланысты. Диссертациялық зерттеудің ғылыми аппараты тақырыптың мазмұны анықталатын оның барлық компоненттерінің байланысын көрсетеді.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) ішінара талдау; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың дәйексөздерін білдіреді	Осы тақырыпты зерттеу барысында докторант болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру мәселесін талдауға сын көзбен қарайды. Автор «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыру» ұғымын философиялық категориялардың ұқсастық теориясында (жеке, ерекше және жалпы) бөлінуіне сәйкес пайымдай келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігі жобалар әдісі негізінде қалыптастыру ұғымын <i>пәндік, әдістемелік, жобалау</i> компоненттерінің жиынтығымен сипатталатын кәсіби іс-

			<p>әрекеттер саласындағы нақты пәндік немесе пәннен тыс саласының ерекшелігін көрседі. Сонымен қатар, автор болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыру үшін құрылымдық-мазмұндық моделі және педагогикалық шарттары негізделген және бағаланған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (жаңа 25-75%); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа.</p> <p>Докторант болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың мәндік сипаттамасына талдау жасаған; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігінің мазмұнын, сондай-ақ «құзыр», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «арнайы құзыреттілік», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісін негізінде қалыптастыру» ұғымдарын нақтылаған; болашақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалар әдісінің мүмкіндіктері анықтаған; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеген; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтаған; тәжірибелік-эксперименттік жұмыста құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарының тиімділігін анықтаған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның тұжырымдары Жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (жаңа 25-75%); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)</p>	<p>Диссертацияның тұжырымдары жаңа, толық ойды, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін көрсетеді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген болып табылады:</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% ғана жаңа);</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер толығымен жаңа, автор университеттің педагогикалық процесіне бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірледі, негіздеді және енгізді.</p>

		3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)	
6.	Негізгі тұжырымдардың негізділігі	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген/негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер мен гуманитарлық ғылымдарға дайындық бағыттары үшін)	<p>Диссертациялық зерттеуде ұсынылған барлық негізгі тұжырымдар өте жақсы негізделген.</p> <p>Бірінші нәтиженің негізділігіне болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың мәндік сипаттамасына талдау жасалуымен қол жеткізілді.</p> <p>Екінші нәтиженің негізділігі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігінің мазмұнын, сондай-ақ «құзыр», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «арнайы құзыреттілік», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісін негізінде қалыптастыру» ұғымдарын нақтылануымен анықталды.</p> <p>Үшінші нәтиже болашақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалар әдісінің мүмкіндіктері анықталдығымен негізделді.</p> <p>Төртінші нәтиженің негізділігі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің әзірленуімен дәйектеледі.</p> <p>Бесінші нәтиженің негізділігін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының анықталуымен айғақталады.</p>
7.	Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша мынадай сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Жағдай дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденген;</p> <p>2) жартылай дәлелденген;</p> <p>3) жартылай дәлелденбеген;</p> <p>4) дәлелденбеген</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p>	<p>7.1 Қорғауға шығарылатын қағидалар дәлелденді. Зерттеудің теориялық бөлімінде ережелер сыни талдау және докторанттың ғылыми тұжырымы арқылы дәлелденді. Зерттеудің практикалық бөлімінде тәжірибелік-экспериментті ұйымдастыруға және өткізуге, мәліметтерді түсіндіруге, зерттеу нәтижелерінің математикалық статистикасын жүзеге асыруға, тұжырымдарды қалыптастыруға қойылатын негізгі талаптарды сақтау арқылы дәлелденген.</p> <p>7.2 Қағидалар тривиальды емес, өйткені олар алғаш рет қорғауға шығарылады.</p> <p>7.3 Иә, диссертациялық зерттеудің ережелері жаңа болып табылады.</p> <p>Бірінші нәтиже жаңа болып табылады, өйткені автор бұрын педагогикалық ғылым</p>

		<p>2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>тұрғысынан қарастырылмаған бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыру проблемасына теориялық талдау жасады.</p> <p>Екінші нәтиженің жаңалығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалар әдісінің мүмкіндіктерін анықтап, сондай-ақ «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» ұғымының мазмұнын педагогика ғылымында бұрын болған анықтамалар негізінде алғаш рет нақтыланды.</p> <p>Үшінші нәтиженің жаңалығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде сапалы түрде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін және педагогикалық шарттарын жоғары білім беру мекемелері үшін алғаш рет ұсынылғандығымен сипатталады.</p> <p>Төртінші нәтиже жаңалық талаптарына жауап береді, өйткені тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарының жүзеге асырылуының тиімділігін растайды.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі - кең. Теориялық және практикалық ережелер болашақ мұғалімдерді даярлау кезінде жоғары білім беру жүйесінде де, педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру үшін де қолданыла алады.</p> <p>7.5 Иә, қағидалар докторанттың мақалаларында дәлелденген. Зерттеу нәтижелерін апробациялау докторанттың ғылыми жарияланымдарында жүзеге асырылды: 1 мақала – SCOPUS базасына кіретін журналда, ҚР БҒМ КОКСОН ұсынған басылымдарда 5 мақала, алыс шетел журналдарында 6, халықаралық конференциялар материалдарында 3 мақала.</p>
8.	Шынайылық принципі Дереккөзде р мен ұсынылатын ақпараттың шынайылығы	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдістеме толық сипатталған 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Иә, әдіснама негізделген және егжей-тегжейлі сипатталған. Докторант психологиялық-педагогикалық теориялар мен тұжырымдамаларға сүйенеді; зерттеу әдістері тәжірибелік-эксперимент жұмысында негізделген; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру</p>

	ғы	<p>8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды: 1) иә; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) иә; 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>әдіснамалық тұғырлар мен қағидаттарға негізделген.</p> <p>Ия, диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен мәліметтерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешу, зерттеу болжамын растау үшін теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері, математикалық статистика әдістері қолданылды (Манна-Уитни өлшемі).</p> <p>Ия, теориялық тұжырымдар, анықталған қатынастар мен заңдылықтар педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденді және расталды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі және педагогикалық шарттардың тиімділігін растады.</p> <p>Докторант диссертациялық жұмыста маңызды тұжырымдарды өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен растайды.</p> <p>Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Докторант орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде 218 дереккөзді ұсынды.</p> <p>Ия, диссертацияның теориялық мәні бар. Өйткені докторант: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыру проблемасына теориялық талдауд жасады; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалар әдісінің мүмкіндіктерін анықтады, сондай-ақ «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» ұғымының мазмұнын</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар: 1) иә; 2) жоқ	

			<p>нақтылады; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде сапалы түрде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірленді және педагогикалық шарттарын ұсынды; тәжірибелік-эксперименттік жұмыста болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарының жүзеге асырылуының тиімділігін анықтап берді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары: 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Ия, диссертацияның практикалық маңызы бар: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру үшін оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету университет тәжірибесінде жасалды және сыналды және алынған нәтижелерді болашақ мұғалімдерді даярлау тәжірибесінде, сондай-ақ педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінде қолдану ықтималдығы жоғары.</p>
		<p>9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75%-ы ғана жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)</p>	<p>Тәжірибеге арналған ұсыныстар толығымен жаңа. Докторант «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» элективтік курсы; «Бастауыш мектепте жобалар әдісін пайдалану» оқу құралы; «Білім беруде жобалар әдісін қолдану» атты электрондық оқу құралы; студенттерге жобалармен жұмыс жасауға арналған әдістемелік нұсқаулық. Жоғары оқу орнының педагогикалық процесіне енгізді.</p>
10.	Жазу және безендіру сапасы	<p>Академиялық жазудың сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташа деңгейден төмен; 4) Төмен.</p>	<p>Академиялық жазудың сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыс осы типтегі жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес орындалды.</p>

6D010200 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Аяпбергенова Гульсум Сағындыковнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі логикалық құрылған, құрылымдалған және аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.

Жалпы, Г.С.Аяпбергенованың диссертациялық жұмысын оң бағалай отырып, келесі кемшіліктерді атап өту керек:

1. Докторанттың 2.2 «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру әдістемесі» атты бөлімінде берілген

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» деген авторлық материалы әдістемелік нұсқаулық ретінде жасаған орынды болар еді.

2. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нәтижелері» атты бөлімде жұмыс формаларын неғұрлым егжей-тегжейлі талдауға көңіл бөлген жөн.

3. Жұмыста стилистикалық және техникалық қателер бар.

Бұл кемшіліктер кеңес беру сипатында және диссертацияның жоғары ғылыми-теориялық деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Аяпбергенова Гульсум Сағындыковнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D010200 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келетінін атап өтуге болады. Осыған байланысты, 6D010200 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша Аяпбергенова Гульсум Сағындыковнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш білдіремін.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, п.ғ.к. қауымдастырылған профессор, мектепке дейінгі және бастауышқа дайындау кафедрасының профессор м.а.



Подпись  
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі  
Саверенко: НАО «Казакский национальный женский педагогический университет» HR служба

А.М. Жубандыкова